

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 429 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 шілдеде № 11526 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму бірінші вице-министрі С.З.Қайырбековаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 29 мамырдағы
№ 429 бұйрығына
1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісі) жұмыскерлерін көтермелеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу:

сараланған қосымша ақы түрінде бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттың қалыптасқан үнемдеуінің (бұдан әрі - қаражатты үнемдеу) есебінен;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінде

(бұдан әрі - МСАК субъектісі) кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің (бұдан әрі - КЖНЫК) қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.07.2020 № ҚР ДСМ - 86/2020 (01.04.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, жұмысты, оның ішінде айрықша күрделі және шұғыл жұмыстарды өте сапалы орындағаны үшін, бастама жасағаны, шығармашылық белсенділігі және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін жүргізіледі.

4. Денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеудің мөлшерін олардың қызметтерін бағалау нәтижелері бойынша:

1) медицина қызметкерлеріне – осы Қағидалардың 2 және 3-бөлімдеріне сәйкес денсаулық сақтау субъектісі қызметінің нәтижелерін бағалау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия);

2) медициналық емес білімі бар қызметкерлерге (бұдан әрі – медициналық емес қызметкерлер) – көтермелеу тәртібі осы Қағидалардың 3-бөлімімен айқындалған Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің әлеуметтік қызметкерлері мен психологтарын қоспағанда, осы Қағидалардың 2-бөліміне ұқсас денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындайды.

Медициналық емес қызметкерлерді көтермелеу туралы ұсынымды денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған, олардың қарамағындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындауына жауапты адамдар және (немесе) денсаулық сақтау субъектісінің басшысы қалыптастырады.

5. Комиссия денсаулық сақтау субъектісінің басшысының бұйрығымен құрылады, мүшелерінің жалпы саны тақ санды, бірақ кемінде бес адамды құрайды.

Комиссияның мүшелері:

отырыста комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы денсаулық сақтау субъектісінің басшысы орынбасарларының немесе бөлімшесі меңгерушілерінің қатарынан сайланатын төраға;

комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы сайланатын комиссия төрағасының орынбасары;

денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

кәсіподақ комитетінің өкілдері және денсаулық сақтау субъектісі қызметкерлерінің жаппай дауыс беруі арқылы сайланатын денсаулық сақтау субъектісінің басқа да қызметкерлері.

6. Комиссияның төрағасы:

1) комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметін басқарады;

2) комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;

3) көтермелеудің мөлшерін есептеу үшін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің нәтижесіне қол жеткізуге қызметкерлердің үлесін айқындаудың объективтілігін қамтамасыз етеді;

4) осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне көтермелеуді төлеудің уақтылылығын қамтамасыз етеді.

7. Комиссия:

денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеуге және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған қаражаттардың нысаналы пайдаланылуын;

осы Қағидалардың 3-бөліміне сәйкес КЖНЫК қаражаттарын нысаналы пайдалануын, МСАК субъектілерінің қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын аудару мен бөлудің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

МСАК субъектілерінің қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын қате аудару мен бөлу фактілері анықталған жағдайда, осы қызметкерге КЖНЫК сомаларын өтеу КЖНЫК сомаларын қоспағанда, МСАК субъектісінің өз қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

8. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді, оны денсаулық сақтау субъектісінің басшысы денсаулық сақтау субъектісінің лауазымды адамдарының ішінен айқындайды. Комиссияның хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде оның дауыс беруге құқығы жоқ.

9. Комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде 2/3 мүшесі қатысқан жағдайда заңды болады. Комиссияның шешімі қатысушы комиссия мүшелері, комиссия хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді және денсаулық сақтау субъектісінің кадр қызметіне денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне көтермелеуді төлеу туралы тиісті бұйрық шығару үшін беріледі.

Комиссияның мүшесі болмаған жағдайда оның болмау себебі комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары атқарады. Комиссияның төрағасы мен

оның орынбасары бір уақытта болмаған кезінде комиссияның отырысын өткізуге жол берілмейді.

10. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған комиссия мүшелерінің отырысына қатысатын мүшелердің жалпы санынан дауыстардың көпшілігі берілсе қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда комиссияның төрағасы, ол болмаған жағдайда комиссия төрағасының орынбасары дауыс берген комиссия мүшелерінің шешімі қабылданды деп есептеледі. Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның мүшесі жазбаша түрде баяндалған комиссия отырысының хаттамасына қоса берілетін ерекше пікірін қоса береді.

11. Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін осы Қағидалардың шарттарымен, сараланған еңбекақы төлеу туралы ережемен, қаражатты үнемдеудің есебінен және (немесе) КЖНЫК қаражатының есебінен медицина қызметкерлерін көтермелеуге қатысы бар бұйрықтармен және комиссияның хаттамасымен таныстырады. Таныстыру қызметкердің қолтаңбасымен куәландырылады.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті аумақтық департаменттерінің (бұдан әрі – МҚАК АД) лауазымды адамдары есепті кезеңдегі КЖНЫК-тің сомаларын МСАК субъектілеріне аударудың уақтлығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 12-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

13. Есепті кезең үшін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлеріне көтермелеу мөлшерін есептеу кезінде нақты жұмыс істеген күндері есепке алынады.

14. Денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлеріне көтермелеу сомасына "Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексіне сәйкес (Салық кодексі) жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары және басқа да ұстап қалулар кіреді.

15. Осы Қағидаларда көзделген ақшалай сыйақы түрінде денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу тұрақты сипаттағы емес біржолғы төлемдер болып табылады.

16. Есепті кезең үшін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу есепті кезеңнен кейінгі айдан кейін негізгі еңбекақыны төлеген кезде жүзеге асырылады.

2-тарау. Қаражатты үнемдеудің есебінен сараланған қосымша ақы түрінде денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

17. Денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлерін көтермелеу қаражатты үнемдеу есебінен сараланған қосымша ақы түрінде комиссиямен келісу бойынша денсаулық сақтау субъектісі басшысының бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау критерийлерінің негізінде жүзеге асырылады.

18. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін критерийлері қызметтің нәтижесіне қол жеткізу кезінде айқындалады және мыналар көрсетіледі:

көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;

жұмыстың орындалған көлемі;

жұмыстың сапасы мен нәтижелілігі;

заманауи технологияларды енгізу, инновациялық қызметтің болуы;

ресурстарды пайдаланудың тиімділігі;

белгілі күнтізбелік уақыттың ішінде жекеше де, ұжыммен де маңызды және жауапты жұмыстарды орындау;

еңбек тәртібі;

пациенттердің қанағаттанушылық деңгейі;

есепке алу-есеп беру құжаттамасын сапалы жүргізуі.

19. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау критерийлері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бекітіледі, олар ұсынымдық сипатқа ие, және қызметінің бейіні мен персоналдың санатын есепке ала отырып, денсаулық сақтау субъектісінің қажеттіліктеріне байланысты толықтырылады немесе өзгертіледі.

20. Сараланған қосымша ақыға қаражатты үнемдеу сомасы денсаулық сақтау субъектісінің басшысы бекіткен есепті кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептің негізінде ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесі бойынша айқындалады.

Есепті кезең ай сайын немесе тоқсан сайын субъект басшысының бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне сараланған еңбекақы төлеу туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес айқындалады.

Құрылымдық бөлімшелердің, медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау субъектісінің медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге

асыратын медицина қызметкерлері мен басшыларының (басшылардың орынбасарлары) арасында сараланған қосымша ақы төлеуге бағытталатын үнемделген қаражат сомасын бөлу олардың денсаулық сақтау субъектісі қызметінің нәтижесіне қол жеткізуге қосқан еңбек үлесіне сәйкес жүзеге асырылады.

21. Есепті кезеңдегі денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлеріне сараланған қосымша ақы төлеу осы Қағидаларға және Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

22. Медицина қызметкерлеріне сараланған қосымша ақы төлеу туралы шешімді комиссия Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көтермелеу туралы ұсыныстың негізінде есепті кезеңнен кейінгі айда қабылдайды.

23. Медицина қызметкерлері көрсететін қызметтердің көлеміне қол жеткізуді және оның сапасын арттыруды үйлестіруді жүзеге асыру үшін есепті кезеңнен кейінгі айда көтермелеу туралы ұсынымды денсаулық сақтау субъектісінің басшысы айқындаған адамдар комиссияның қарауына енгізеді, бұл ретте:

1) денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары олардың қарамағындағы денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерін көтермелеу туралы ұсынымды қалыптастырады;

2) денсаулық сақтау субъектісінің басшысы денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын және басшыларын көтермелеу туралы ұсынымды қалыптастырады.

Ескерту. 23-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

24. Денсаулық сақтау субъектісінің басшысына сараланған қосымша ақы төлеу дәрігерлік персоналды кемінде 50% қамтыған жағдайда дәрігерлік персоналдың сараланған қосымша ақысының орташа сомасынан 150%-дан аспайтын мөлшерде айқындалады.

25. Есепті кезеңде денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкеріне:

1) алынбаған тәртіптік жаза бар болса;

2) тиісті денсаулық сақтау субъектісінде бір айдан кем жұмыс істесе;

3) сынақ мерзімі кезеңінде;

4) жыл сайынғы төленетін еңбек демаласын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес ай сайынғы есепті кезең кезінде демалыста күнтізбелік 14 күннен артық және тоқсан сайынғы есепті кезең кезінде күнтізбелік 30 күннен артық болған кезде;

5) ай сайынғы есепті кезеңде күнтізбелік 14 күннен артық және тоқсан сайынғы есепті кезеңде күнтізбелік 30 күннен артық уақытша жұмысқа жарамсыздық кезінде;

б) есепті кезең аяқталғанға дейін жұмыстан босатылған кезде сараланған қосымша ақы төленбейді.

26. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерінде 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексімен (бұдан әрі – Кәсіпкерлік Кодекс) айқындалған тәртіпте бақылау нәтижелері бойынша есепті кезеңде анықталған бұзушылықтар бар болған жағдайда, оған сараланған қосымша ақыны бөлу денсаулық сақтау субъектісі басшысының шешімімен айқындалады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

27. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10880 болып тіркелген) Медициналық қызметтер сапасының ішкі және сыртқы сараптамаларын ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларымен айқындалған тәртіпте пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің ішкі сараптама нәтижелері бойынша есепті кезеңде бұзышылықтар бар болған жағдайда, оған есептелген сараланған қосымша ақыны азайту комиссияның шешімімен айқындалады, бірақ есептелген сараланған қосымша ақыдан 50%-дан артық емес.

3-тарау. КЖНЫК қаражатының есебінен МСАК субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

28. КЖНЫК қаражаты есебінен МСАК субъектілерінің медицина қызметкерлерін көтермелеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5946 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді жасау және шығындарды жоспарлау әдістемесімен (бұдан әрі ? Әдістеме) айқындалған МСАК субъектісі қызметінің түпкілікті нәтиженің қол жеткізілген

индикаторларының (бұдан әрі - түпкілікті нәтиженің индикаторлары) негізінде жүзеге асырылады.

29. КЖНЫК қаражаттары:

1) қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторлары үшін МСАК субъектісінің қызметкерлерін материалдық көтермелеуге;

2) есепті кезеңде МСАК субъектісі бойынша алынған КЖНЫК сомасынан кемінде 5 % құратын іссапар шығыстарын қоса, МСАК субъектісі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға бағытталған.

30. Медицина қызметкерлерінің МСАК субъектісінің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға арналған КЖНЫК есепті жылдың ішінде толық көлемде пайдаланылуға жатады.

31. КЖНЫК МСАК көрсететін амбулаториялық-емханалық ұйымдардың мынадай қызметкерлеріне (бұдан әрі – МСАК қызметкерлері) төленеді:

1) аумақтық учаске жағдайында қызметтер көрсететін қызметкерлер:

жалпы практика дәрігерлері, учаскелік терапевтер мен педиатрлар, акушер-гинекологтар;

жалпы практика және учаскелік қызметтің мейіргерлері, фельдшерлер, аумақтық учаске жағдайында медициналық қызметтер көрсететін акушерлер; әлеуметтік қызметкерлер мен психологтар;

2) МСАК көрсететін амбулаториялық-емханалық ұйымдардың медицина қызметкерлері:

Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің қызметкерлері (дәрігерлер мен орта медицина персоналы, оның ішінде мектеп мейіргері)

Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің қызметкерлері (дәрігерлер мен орта медицина персоналы).

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. МСАК субъектісінің деңгейіне дейін және МСАК субъектісінің аумақтық учаскелерінің деңгейіне дейін түпкілікті нәтиженің индикаторларына қол жеткізуге байланысты алынған КЖНЫК сомасын есептеу тәртібі Әдістемемен айқындалады.

33. МСАК субъектілері мен аумақтық учаскелердің деңгейіне дейін КЖНЫК сомасын есептеу ай сайын есепті айдан кейінгі келесі айдың 10-күніне дейін, бұл ретте, ағымдағы жылғы желтоқсан үшін – келесі жылғы қаңтарда "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек тарифіне қосымша компонент" (бұдан әрі – ЖБНҚК) ақпараттық жүйесінде автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

34. Аумақтық учаске жағдайында қызметтер көрсететін МСАК субъектісінің қызметкерлерін ынталандыруға арналған КЖНЫК сомасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісі қызметінің түпкілікті нәтижесінің индикаторларына қол жеткізуге байланысты ЖБНҚК-та қалыптастырылған КЖНЫК сомаларын бөлу бойынша жиынтық ақпараттың негізінде айқындалады.

35. МСАК қызметкерлеріне КЖНЫК сомасын бөлу ай сайын МСАК қызметкерінің түпкілікті нәтиже индикаторларына және МСАК субъектісі қызметінің түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін процесс индикаторларына (бұдан әрі – процесс индикаторлары) қосқан үлесіне байланысты комиссия шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің процесс индикаторларының ұсыным жасалған тізбесі ескерілген процесс индикаторларын комиссиямен және пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметімен келісу бойынша МСАК субъектісінің басшысы бекітеді.

Процесс индикаторлары комиссиямен және пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметімен келісім бойынша МСАК субъектісінің басшысының шешімімен № 173 бұйрықпен айқындалған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарға арналған медициналық қызметтер сапасын бағалау индикаторларымен толықтырылады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша нысаналы мәніне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында процесс индикаторларын мониторингілеуді мынадай қатысушылар жүзеге асырады:

1) МСАК субъектісінің пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметі;

2) Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтау басқармалары (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы);

3) МҚАК АД;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті (бұдан әрі –ТҚСҚБК) және (немесе) оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі –ТҚСҚБК АД).

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

37. Пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметі МСАК субъектісі бойынша және аумақтық учаскелер бөлінісінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін процесс индикаторларына қол жеткізу бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелерін орналастырады және есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде ЖБНҚК-та растайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.08.2017 № 643 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Денсаулық сақтау басқармасы:

МСАК субъектісінің ЖБНҚК-қа процесс индикаторлары бойынша деректерді орналастыруына мониторинг пен бақылау жүргізеді;

МСАК субъектісінің түпкілікті нәтиже индикаторларына және процесс индикаторларына қол жеткізуі бойынша қызметіне талдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

38-1. МҚАК АД:

МСАК субъектілерінің және ауыл субъектілерінің КЖНЫК қаражатын нысаналы пайдаланылуына мониторинг;

МСАК субъектілерінің және ауыл субъектілерінің өз қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын уақтылы төлеуіне және ЖБНҚК-қа ақпаратты орналастыруына мониторинг;

есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиженің қол жеткізілген индикаторларының қорытындылары бойынша ЖБНҚК-дағы деректердің негізінде МСАК қызметкерлеріне КЖНЫК сомаларын бөлуге мониторинг пен бағалау жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 38-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

39. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

40. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

41. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

42. МСАК қызметкерлеріне КЖНЫК сомасын бөлу туралы шешімді комиссия есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 20-күнінен кешіктірмей комиссия отырысының хаттамасымен ресімделетін және тиісті бұйрықты жариялау үшін МСАК субъектісінің кадр қызметіне берілетін көтермелеу туралы ұсыныстың негізінде қабылдайды.

Көтермелеу туралы ұсыныс комиссияның қарауына ай сайын есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 15-күніне дейін енгізіледі.

43. МСАК субъектісі қызметінің түпкілікті нәтижесінің индикаторларына қол жеткізгені үшін аумақтық учаскеде қызметтер көрсететін МСАК қызметкерлерін көтермелеу туралы ұсынысты осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарамағындағы қызметкерлері көрсететін қызметтердің көлемі мен сапасына қол жеткізу бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын, қызметкерлердің арасында КЖНЫК сомасын бөлудің арақатынасын айқындайтын осы аумақтық учаскенің дәрігері қалыптастырады.

Аумақтық учаскелер бойынша КЖНЫК сомаларын бөлу кезіндегі комиссияның шешімі осы аумақтық учаскенің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін бөлімше меңгерушісімен келісім бойынша қабылданады.

43-1. Аумақтық учаскенің дәрігері осы Қағидалардың 43 тармағына сәйкес ұсынысты қалыптастыру кезінде, ЖБНҚК Әдістемесіне сәйкес есепті кезеңдегі МСАК субъектісінің аумақтық учаскесі деңгейіне дейін автоматты түрде есептелген КЖНЫК сомасының мынадай шекті мәндерін ескере отырып, қызметкерлер арасында КЖНЫК сомасын бөлу арақатынасын айқындайды:

1) аумақтық учаскенің дәрігеріне (жалпы практика дәрігері, учаскелік терапевт, учаскелік педиатр) бір атқарып отырған мөлшерлемеге 30%-дан кем емес және 45%-дан аспайтын арақатынаста;

2) жалпы практика учаскелік мейіргері, терапиялық және педиатриялық учаскелік мейіргері бір атқарып отырған мөлшерлемеге 10%-дан кем емес және 30%-дан аспайтын арақатынаста;

3) әлеуметтік қызметкер мен психологқа 2%-дан кем емес және 4%-дан аспайтын арақатынаста;

4) акушер-гинекологқа және (немесе) акушерге 2%-дан кем емес және 5% - дан аспайтын арақатынаста.

Ескерту. 43-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің түпкілікті нәтиже индикаторларына қол жеткізгені үшін жалпы дәрігерлік практика және (немесе) учаскелік қызмет бөлімшелерінің меңгерушісіне / аға мейіргеріне көтермелеу туралы ұсыну түрінде түпкілікті нәтиже индикаторларына қол жеткізгені үшін аға мейіргер мен аға акушерге көтермелеу туралы ұсынуды оның қарамағындағы қызметкер көрсететін қызметтердің көлемі мен сапасына қол жеткізгені үшін қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын бөлімше меңгерушісі қалыптастырады.

Жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің немесе учаскелік қызметтің аға мейіргеріне, акушерлік-гинекологиялық бөлімшенің (кабинеттердің) аға акушеріне КЖНЫК сомасын есептеу осы қызметкер оның қарамағындағы бөлімшенің меңгерушісі айқындаған кемінде 1,0 және 1,25-тен аспайтын арақатынаста жетекшілік ететін бөлімшенің учаскелік мейіргерлерінің КЖНЫК орташа сомасынан жүзеге асырылады.

Ескерту. 44-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Түпкілікті нәтиженің индикаторларына қол жеткізгені үшін бөлімше меңгерушісін көтермелеу туралы ұсынысты осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес МСАК субъектісінің бірінші басшысы пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысымен келісім бойынша қалыптастырады.

Жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің немесе учаскелік қызметтің меңгерушісіне, акушерлік-гинекологиялық бөлімшенің (кабинеттердің) меңгерушісіне КЖНЫК сомасын есептеу МСАК субъектісінің басшысы немесе оның орынбасары айқындаған кемінде 1,0 және 1,25-тен аспайтын арақатынаста жетекшілік ететін бөлімшенің дәрігерлік персоналының КЖНЫК орташа сомасынан жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Түпкілікті нәтиженің индикаторларына қол жеткізгені үшін Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің қызметкерлерін (дәрігерлер мен мейіргерлерді) көтермелеу туралы ұсынысты осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісінің бірінші басшысының жетекшілік ететін орынбасары немесе жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің немесе учаскелік қызметтің меңгерушісі қалыптастырады.

Отбасы денсаулығы орталығының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің қызметкерлеріне (дәрігерлері мен мейіргерлеріне) КЖНЫК сомасын есептеу жетекшілік ететін маманмен келісім бойынша комиссия айқындаған арақатынаста аумақтық учаскеде қызметтер көрсететін МСАК қызметкерлеріне (дәрігерлік персоналдың және орта медицина персоналының) тиісінше КЖНЫК-тың орташа сомасынан жүзеге асырылады.

47. Дербес Отбасы денсаулығы орталығының немесе дәрігерлік амбулаторияның басшысына КЖНЫК сомасының мөлшері МСАК субъектісі дәрігерлік персоналының КЖНЫК орташа сомасынан кемінде 1,0 және 1,25 арақатынаста комиссияның шешімі бойынша айқындалады және оны комиссия осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің түпкілікті нәтиже индикаторларына қол жеткізгені үшін дербес Отбасы денсаулығы орталығының немесе дәрігерлік амбулаторияның басшысына көтермелеу мөлшерін айқындау туралы хаттама түрінде ресімдейді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Есепті кезеңде МСАК қызметкеріне КЖНЫК сомасын төлеу:

1) қарастырылып отырған кезеңде осы қызметкерден тәртіптік жаза алынбаса, бірақ оны қолдану сәтінен бастап екі айдан артық болмаса;

2) МСАК-тың тиісті субъектісінде кемінде бір ай жұмыс істесе;

3) сынақ мерзімі кезінде;

4) жыл сайынғы төленетін еңбек демаласын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыста күнтізбелік 14 күннен артық болған кезде;

5) күнтізбелік 14 күннен артық еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;

б) есепті кезең аяқталғанға дейін жұмыстан босатылған кезде КЖНЫК сомасы төленбейді.

49. МСАК қызметкерінде Кәсіпкерлік Кодекспен айқындалған тәртіпте мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша есепті кезеңде анықталған бұзушылықтар бар болған жағдайда, оған КЖНЫК сомасын төлеу МСАК субъектісі басшысының шешімімен айқындалады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

50. Пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің бағалау нәтижелері бойынша бұзушылықтар болған жағдайда, есепті кезең үшін МСАК қызметкеріне КЖНЫК сомаларын төлеу есепті кезең үшін есептелген КЖНЫК сомасынан 50% мөлшерінде жүзеге асырылады.

51. Егер есепті кезеңде аумақтық учаске шарттарында қызметтер көрсететін қызметкерлерді ынталандыруға арналған КЖНЫК сомасы толық көлемде бөлінбесе, онда КЖНЫК сомасының қалдығы комиссияның шешімі бойынша осы есепті кезеңде аумақтық учаске шарттарында қызметтер көрсететін ең көп ерекшеленген қызметкерлерді:

олар жұмыста жоғары нәтижелерге жетсе;

Кәсіпкерлік Кодекспен айқындалған тәртіпте мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша және № 173 бұйрықпен айқындалған тәртіпте пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің ішкі сараптама нәтижелері бойынша бұзушылықтары болмаған кезде;

олардың толық атқарылған жұмыс күндері болған жағдайда қосымша ынталандыруға бағытталады.

ӘМСҚ аумақтық бөлімшелерінің медициналық қызметтердің сапасын бақылау бойынша жүргізген сараптама нәтижелері бойынша бұзушылықтардың болмауы.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2017 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-тарау. COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусы бар науқастарды емдеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеу тәртібі

Ескерту. 4-тарау алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 18.07.2020 № ҚР ДСМ - 86/2020 (01.04.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Денсаулық сақтау ұйымдарының
қызметкерлерін көтермелеу
қағидаларына 1-қосымша

Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 05.11.2019 № ҚР ДСМ-140 (01.06.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат көзі	Тиімділігі
1	Пациенттердің құқықтарының бұзылуына байланысты негізделген жазбаша және ауызша шағымдардың болуы	Ұйым басшысының келушілерді қабылдау журналы, азаматтардың жазбаша өтініштерін есепке алу журналы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің блогына өтініштер, ТҚСҚБК-ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
2	Емдеу мен диагностикалау нәтижесінде туындаған алдын алуға болатын өліммен аяқталған жағдайлардың, асқынулардың, оның ішінде пациенттің мүгедектігіне әкелген жағдайлардың болуы	Стационарлық науқастың статистикалық карталары, пациентті қолдау мен ішкі бақылау (аудит) қызметінің басшысы бекіткен бөлімше меңгерушісінің немесе комиссияның қорытындысы, сараптамалық тексеріс актілері, ӨЖЗК* отырыстарының хаттамалары және ТҚСҚБК -ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
3	Мемлекеттік бақылау нәтижесі бойынша бұзушылықтардың болуы	ТҚСҚБК АД-ның тексеру парақтары мен актілері	Төмендеуі
4	Пациенттердің қайта жоспарланбаған келіп түсу жағдайларының болуы (сараптамамен	Стационарлық науқастың электрондық тіркелімі Қазақстан Республикасының осы және басқа да стационарларына дәл бір ауру себебі бойынша жазылып шыққан күннен бастап бір айдың ішінде қайта емдеуге жатқызу жағдайлары	Төмендеуі

	расталған)		
5	Клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздардың қайшы келу жағдайларының болуы	Патологиялық-анатомиялық зерттеудің хаттамасы мен патологиялық-анатомиялық конференция отырысының хаттамасы	Төмендеуі
6	Жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – ЖТМҚ) енгізу	Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде орындалған ЖТМҚ-ның саны	Ұлғаюы
7	Бактерия шығаратын науқастарды емдеу процесінде қақырық жағындысының конверсиясына қол жеткізу**	Туберкулезбен ауыратын науқастың медициналық картасы, Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі	Ұлғаюы
8	Туберкулезбен ауыратын науқастардың туберкулезге қарсы препараттарды қабылдауды өткізіп алмауы**	Туберкулезбен ауыратын науқастың медициналық картасы, Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі	Ұлғаюы
